

Целиноград ауданы әкімдігінің "Целиноград ауданы бойынша арналған жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2012 жылғы 10 қаңтардағы № А-1/9 қаулының күшін жою туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № А-1/78 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Целиноград ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Целиноград ауданы әкімдігінің "Целиноград ауданы бойынша арналған жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2012 жылғы 10 қаңтардағы № А-1/9 (Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 ақпандағы № 1-17-164 болып тіркелді) қаулысының күші жойылсын деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Целиноград ауданы әкімінің орынбасары А.К.Айткужиноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Аудан әкімі

М.Тәткеев